

2020 жылғы 15 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының № 172 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 18 маусымдағы № 67 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 51-бабы 1-тармағының 11 және 12-тармақшаларына және 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңесінің № 98-шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссиясы жұмысының регламентіне тіркелген № 2-қосымшаның 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасы **шешті**:

1. 2020 жылғы 15 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының № 172 "Ерікті негізде қолдану нәтижесінде "Жарылыс қаупі бар ортада жұмыс істеу үшін жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің (КО ТР 012/2011) және зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін қамтитын мемлекетаралық стандарттардың талаптарын сақтауды қамтамасыз ететін мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарлама туралы, оның ішінде Кеден одағының "Жарылыс қаупі бар ортада жұмыс істеуге арналған жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 012/2011) техникалық регламентінің талаптарын қолдану және орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу ережелері шешімінің қосымшасына сәйкес өзгерістер енгізу.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссиясы
алқасының төрағасы*

Б. Сағынтаев

2024 жылғы 18 маусымдағы
Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасының
№ 67 шешіміне
ҚОСЫМША

2020 жылғы 15 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының № 172-шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Атауы мен 1-тармағы "осы техникалық регламенттің талаптарына" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қолдану нәтижесінде ерікті негізде "Жарылыс қаупі бар ортада жұмыс істеу үшін жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің (КО ТР 012/2011) және зерттеу (сынау) және өлшеу ережелері мен әдістерін қамтитын

мемлекетаралық стандарттардың талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау), оның ішінде Кеден одағының "Жарылыс қаупі бар ортада жұмыс істеуге арналған жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 012/2011) техникалық регламентінің талаптарын қолдану және орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу ережесі жөніндегі бағдарламада:

- а) атауы "осы техникалық регламенттің талаптарына" деген сөздермен толықтырылсын;
- б) 1 – 9 позициялары алынып тасталсын;
- в) 3-бағандағы 10-позициядағы "ISO 21789:2009" деген сөздер "ISO 21789:2022" деген сөздермен ауыстырылсын;
- г) 11-позиция алынып тасталсын;
- д) 3-бағандағы 12-позициядағы "EN 13617-1:2012" деген сөздер "EN 13617-1:2021" деген сөздермен ауыстырылсын;
- е) 13-позиция алынып тасталсын;
- ж) 14-позицияда:
 - 5-бағандағы "2021 жыл" деген сөздер "2023 жыл" деген сөздермен ауыстырылсын;
 - 6-бағандағы "2022 жыл" деген сөздер "2024 жыл" деген сөздермен ауыстырылсын;
- з) мынадай мазмұндағы 15 және 16-позициялармен толықтырылсын:

15	29.260.20	Жарылғыш орта. 31-бөлім . "t" қабығы бар шаңның тұтануынан қорғайтын жабдық. ИЕС 60079-31:2022 негізінде ГОСТ әзірлеу	4-бап	2023 жыл	2024 жыл	Ресей Федерациясы
16	29.260.20	Жарылғыш орта. 11-бөлім . "Ұшқыннан қауіпсіз "i" электр тізбегі " жарылыстан қорғау түрі бар жабдық. ИЕС 60079-11: 2023 негізінде ГОСТ әзірлеу	4-бап	2024 жыл	2025 жыл	Ресей Федерациясы

"

